

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



Күндізгі және ҚОТ бойынша күндізгі қысқартылған білім беру  
бағдарламаларының бітіруші студенттеріне арналған

**Бітірушінің біліктілік жұмысын(дипломдық жұмысты) рәсімдеу  
және қорғауға табыстаудың әдістемелік нұсқаулығы**

- 6B01102 – «Педагогика және психология» (Педагогика және психология)  
6B01205–«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» (Мектепке  
дейінгі оқыту және тәрбиелеу)  
6B01303 –«Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» (Бастауышта  
оқытудың педагогикасы мен әдістемесі)  
6B01606 – «Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау» (Тарих)

**Астана, 2022**

Әдістемелік нұсқауларды әзірлеген «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор Нығыманова Нурбану Токеновна, профессор, п.ғ.д. Сарсекеев Бауыржан Сапарович, психология мамандығы бойынша ә.ғ.м., аға оқытушы Муликова Айгуль Сериковна.

Педагогика кафедрасының отырысында 2022 жылдың 28 тамызынан №1 хаттамасымен мақұлданған.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I. Дипломдық жұмысты орындау мақсаты және міндеттері	4
II. Дипломдық жұмыстың жалпы талаптары	5
III. Дипломдық жұмыстақырыбын таңдау және бекіту	6
IV. Дипломдық зерттеуді ұйымдастыру	7
V. Студенттің, ғылыми жетекшінің және рецензенттің міндеттері	8
VI. Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтері	9
VII. Дипломдық жұмыстың рәсімдеу ережелері	13
VIII. Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну реті	17
IX. Дипломдық жұмысты қорғау реті	19
Қосымшалар	20

## Кіріспе

Жоғары оқу орнында оқудың аяқталу сатысы студенттердің қорытынды мемлекеттік аттестациясы болып табылады. Жоғары оқу орнын бітіруші студенттердің қорытынды мемлекеттік аттестациялау тәжірибелік маңызды сұрақтары қарастырылған қорытынды пәнаралық мемлекеттік емтихан бағдарламасы бойынша тапсырылады.

- мемлекеттік кешенді емтихан тапсыру;
- бітірушінің біліктілік жұмысын қорғауы (дипломдық зерттеу).

Мемлекеттік емтихан таңдалған бағыт қасәйкес жалпы кәсіби және арнайы дайындық пәндерінің негізгі, тәжірибелік маңызды сұрақтары қарастырылған қорытынды пәнаралық мемлекеттік емтихан бағдарламасы бойынша тапсырылады. Бітірушінің біліктілік жұмысы білім жүйесінде орындалған үдерістерді айқындай білуді, талдауды, олардың қазақстандық білім жағдайына ықпалын бағалаудағы дағдыларын дамытуды қарастыруы керек.

Дипломдық жұмыстың мазмұнына, көлеміне, құрылымына қойылатын талаптарды жоғары оқу орны анықтайды.

### **I. Дипломдық жұмысты орындау мақсаты және міндеттері**

Бітіруші студенттің біліктілік жұмысы (дипломдық жұмыс) – білім беру жүйесіндегі жоғары білікті маман дайындауды аяқтайтын оқу үдерісінің маңызды қорытынды сатысы. Диплом жұмысын орындауға дайындық және оны қорғау студенттің кәсіби тапсырмаларды шешуге теориялық әзірлігін анықтауға сонымен қатар, басқарушылық, ұйымдастырушылық, ізденушілік, ақпараттық-талдау, әлеуметтік-психологиялық, әдістемелік, кеңестік және білімділік сияқты кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрлеріне даярлығын анықтап, бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы алынған деректердің дәлелділігіне, сенімділігіне қойылатын талаптарға жауап беру керек және диплом жұмысы бойынша іздену барысында студенттің мәліметтерді жинақтауы, сараптауы, өңдеуі, жүйелеуі рационалды тәсілдерді қолдана білу іскерлігін айшықтап, түпнұсқалы ғылыми қорытындылар мен (немесе) тәжірибелік ұсыныстар беруі керек. Дипломдық жұмыс логикалық аяқталған сипатта жүйелі жазылып, студенттің ойын сауатты жеткізу, өз ұстанымын аргументтеу, педагогикалық терминологияны еркін қолдану қабілетін көрсетуі тиіс.

### **Дипломдық жұмысты орындаудың негізгі мақсаттары:**

1. Білім беру бағдарламасы бойынша студенттің теориялық және тәжірибелік білімдерін жүйелеу, бекіту, кеңейту.
2. Нақты сұрақтар мен мәселелерді шешуде өзіндік жұмысты жүргізу дағдыларын дамыту және зерттеу әдістерін меңгеру.
3. Мамандық бойынша студенттің теориялық және тәжірибелік дайындық

деңгейін анықтау.

Қойылған мақсаттарғасәйкес студент төмендегі **міндеттерді** шешуі тиіс:

1. Таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, дипломдық жұмыстың мақсатын және міндеттерін анықтау. Мәліметтерді қабылдау, жалпылау, талдау қабілетін, мақсатты қоя білу және оған жету жолдарын сараптап талдауда ойлау мәдениетін көрсету.
2. Зерттеу пәнін, нысанын, әдістерін анықтау. Ауызша және жазбаша сөз саптауы логикалық қисынды, анық, дәйекті дәлелдей білу, сонымен қатар зерттеудің теориялық және эксперименталды әдістерін меңгеру.
3. Таңдалған тақырып бойынша теориялық, әдістемелік, нормативті құжаттар мен ғылыми әдебиеттерді оқып-үйрену, талдай білу.
4. Зерттеу базасын таңдау, ғылыми жетекшімен кеңесу, келісілген жұмыс жоспарын құру, дипломдық жұмысты орындауға арналған тапсырмаларды рәсімдеу.
5. Тақырыпқа қатысты қойылған пікір- таластық сауалдар бойынша өзіндік көзқарасын жинақы баяндай білу.
6. Зерттеуге қажетті дәйекті материалдарды жинақтау бойынша мәліметтерді сақтауда, өңдеуде негізгі әдістер мен тәсілдерді қолдану, құралдармен жұмыс істей білу іскерліктерін көрсету.
7. Жинақталған мәліметтерге талдау жасау.
8. Алынған мәліметтерге негізделген, дипломдық жұмыста қарастырылған мәселеге байланысты қорытынды жасау және ұсыныстар әзірлеу.
9. Нормативті талаптарға сай дипломдық жұмысты рәсімдеу.
10. Бітіруші студенттің біліктілік жұмысын қорғау үшін көрнекі материалдар мен баяндама әзірлеу.

## **II. Дипломдық жұмыстың жалпы талаптары**

Бітірушінің біліктілік жұмысының тәжірибелік құндылығын арттыру үшін зерттеу жұмысы студент жұмыс істейтін немесе дипломалды іс – тәжірибесі өткізілген нақты бір ұйым мысалында орындалады.

Дипломдық жұмыстың жалпы талаптарына мыналар кіреді:

- жұмысты құрудағы нақтылық, тақырып құрылымдылығы;
- материалды баяндаудағы қисынды бірізділік;

- субъективті, көпмәнді түсініктер туындатпау үшін тақырыпты қалыптастырудағы нақтылық пен ықшамдылық;

- аргументацияның дәлелділігі мен сенімділігі;
- жұмыс нәтижелерін баяндау анықтылығы;
- қорытындылардың дәлелді болуы және ұсыныстар негізділігі.

Дипломдық жұмысты орындауда пайдаланатын әдебиеттер **35-тен кем болмауы** керек және әдебиеттер мен қосқанда диплом жұмысының көлемі - **40-60 беттік** құрайды.

Дипломдық жұмыс тақырыбын таңдау тапсырмаларды (жоспар) рәсімдеу мен аяқталады және оны студент ғылыми жетекшісіне қолқойып,

растайды. Дипломдық жұмыстақырыптары алдымен кафедра меңгерушісі, сосын ЕАГИ деканы тарапынан бекітіледі.

### III. Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау және бекіту

Мәселеге теориялық және тәжірибелік көзқарасты ұрғысынан қарағанда диплом жұмысының тақырыбы өзекті, әрі қызықты болуы керек. Дипломдық жұмысты орындау төмендегідей біріншілік іс ақтауы тиіс:

1. Дипломдық жұмыстақырыбын және зерттеу нысанын таңдау.
2. Ғылыми жетекшінің тағайындалуы.
3. Дипломдық жұмыс бойынша тапсырма құру және оны күнтізбелік жоспар-графикіне сәйкес орындау.
4. Таңдалған тақырып бойынша алғашқы ғылыми әдебиеттермен, ғылыми басылымдармен, статистикалық көздермен танысу және таңдау.
5. Дипломдық жұмыстың теориялық бөлімін жазу.
6. Зерттеу нысаны бойынша материалдар жинақтау және оңдеу.
7. Ғылыми жетекшіден орындалған жұмысқа және оны қорғауға пікіралу.
8. Орындалған жұмысқа сын-пікіралу.
9. Кафедра меңгерушісінен қорғауға рұқсат алу.
10. Жұмысты қорғау үшін иллюстративті материалдар мен баяндамасын әзірлеу.
11. Аттестациялық комиссияның ашық отырысында диплом жұмысын қорғау.
12. Педагогика кафедрасы жыл сайын дипломдық жұмыстақырыптар үлгілерін жаңартып, әзірлеп отырады. Студенттерге тақырыптар арасынан таңдау құқығы беріледі, сонымен қатар студенттің өз әзірлемелері мен негіздемесі бойынша өзекті деп танылса олардың тарапынан ұсынылған тақырыптары да қарастырылады.

Дипломдық жоба мәселесін таңдау өлшемдері:

- А) ЕАГИ ғылымы дамуының басым бағыттарына сәйкестігі;
- Б) мәселенің тәжірибелік сипаты;
- В) тәжірибеде мәселені шешудегі маңызды қиындықтар;
- Г) зерттеу нәтижелерін мәселені шешуге ендіру қажеттілігі.

Ресми тақырыптарды бекіту педагогика кафедрасының отырысында қарастырылады.

ЕАГИ ғылымының бекітілген басым бағыттарының дамуы шеңберінде студент дипломдық жұмыс тақырыбын ұсынуға құқығы бар. Тақырыпты анықтау барысында оның өзектілігі мен орындалатын нақты міндеттері есепке алынып, негіздемесі жасалған жағдайда бітіруші студент кафедра меңгерушісіне жазбаша өтініш білдіре алады. Кафедра студент ұсынған тақырыпты қабылдамауы мүмкін немесе өзгерте алады. Қабылдамаған жағдайда дипломдық жұмыс тақырыбын басқа жаңа тақырыпқа ауыстыруды ұсынады. Тақырыпты өзгерту немесе ауыстыру тек ғылыми жетекшінің

келісуімен және кафедра меңгерушісінің нақтылауымен ғана іске асады.

Дипломдық жұмыс тақырыбын таңдау тапсырмаларды (жоспар) рәсімдеуен аяқталады және оны студент ғылыми жетекшісіне қол қойғызып, растайды. Дипломдық жұмыс тақырыптары алдымен кафедра меңгерушісі, содан кейін ЕАГИ деканы тарапынан бекітіледі.

## ІҮ.ДИПЛОМДЫҚ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Диплом жұмысы (жоба) оқудың аяқталу кезеңінде орындалатын жазбаша орындалған бітірушініңбіліктілік жұмысы болып табылады. Ол студенттің өзекті тәжірибелік мәселеге қатысты өздігінен ерекше шешім тапқанын көрсете отырып, таңдаған мамандығы бойынша еңбек іс-әрекетіне теориялық және тәжірибелік даярлығын көрсетеді.

2. ЕАГИ ғылым және білім дамуының басым бағыттарына қызығушылық танытқан күрделі тапсырмалар мен жағдайлар практикалық мәселе ретінде қарастырылады.

Дипломдық зерттеудің мәселелерін таңдау өлшемдері:

А) ЕАГИ даму бағыттарына сәйкестігі;

Б) мәселенің практикалық сипаты;

В) мәселені практика жүзінде шешуде елеулі қиындықтар;

Г) нәтижелердіпрактикағаендіруқажеттігі.

3. Дипломдықзерттеудіңмақсаты:

А) студенттің таңдаған тақырыбы бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын жүйелеу, бекіту және тереңдетуде;

Б) алынған білімдері мен біліктерін нақты практикалық мәселелерді шешу барысында қолдануда;

В) өз бетінше талдау жұмыстарын жүргізе алу, тұжырымдарды жасау дағдысын көрсете білу, практикалық мәселелер мен сұрақтар бойынша шешім шығаруда.

3. ЕАГИ ғылымының бекітілген басым бағыттарының дамуы негізінде дипломдық жұмыстардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілері, рецензеттері анықталады. Тақырыпты анықтау барысында оның өзектілігі мен орындалатын нақты міндеттері есепке алынуы тиіс.

Диплом жұмысының тақырыбын, тақырыптар тізімі жобасын студенттің өзі ұсынуы мүмкін. Мұндай жағдайда кафедра меңгерушісінің атына жазылған өтініште тақырыпты әзірлеудің себебі мен мақсаттылығы негізделеді.

Дипломдық жұмыс тақырыптары жобасын кафедра меңгерушісі содан кейін ЕАГИ деканы бекітеді.

5. Диплом жұмыстарының (жобалардың) ғылыми жетекшілері (кеңесшілері) болып ЕАГИ-дің профессор-оқытушылар құрамынан 3-жылдан кем емес ғылыми немесе педагогикалық тәжірибесі бар Ph.D. докторлары, бейінділік бойынша доценттер, ғылым кандидатары, ғылым докторлары

тағайындалады.

6. Диплом жұмыстарының (жобалардың) рецензенттері ретінде қарастырулы салада жеткілікті тәжірибе жинақтаған мемлекеттік сектордың, ұлттық және халықаралық компаниялардың, ғылыми орталықтардың жоғары білікті мамандары, сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа да жоғары оқу орындарының 3-жылдан кем емес ғылыми немесе педагогикалық өтілі бар Ph.D деңгейіндегі докторлары, доценттері, ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары тағайындалады.

7. Дипломдық зерттеу академиялық тілде даярланып, онда айтылған идеялар мен ұсыныстар ғылыми және дәйекті болуы тиіс.

8. Дипломдық зерттеу қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде орындалуы мүмкін.

9. Дипломдық зерттеуді орындау барысында келесі қағидаларды ұстану қажет:

- жариялылық;
- жүйелілік;
- ғылымилық
- есептің берілуі;
- пәнаралық;
- іс-тәжірибеге бағдарлануы

10. Студент дипломдық зерттеуді мамандығы бойынша оқу жоспарында қарастырылған мерзімде орындайды. Осы мерзімге студенттің өндірістік (дипломалды) іс-тәжірибе өткен уақытты да қосу ұсынылады.

Дайындық кезеңінде ғылыми жетекшінің көмегімен студенттің диплом жұмысының (диплом жобасының) орындалу реті мен күнтізбелік кестесі құрастырылып (қосымша А) бекітілуі тиіс, сонымен қатар дипломдық жұмысының (жобаның) жоспары әзір болу керек.

11. Студентке дипломдық жұмысты қорғаудың орнына мамандығы (білім беру бағдарламалары) бойынша кәсіби пәндерден екі мемлекеттік емтихан тапсыруға келесі жағдайларда мүмкіндік беріледі, егер:

А) туу туралы күәлік негізінде расталған 2 жасқа дейінгі баласы бар болса;

В) ата-аналардың денсаулық жағдайын растайтын медициналық анықтама негізінде науқас ата-анасына күтім көрсету үшін;

Г) мүгедектікті растайтын медициналық анықтама негізінде мүмкіндігі шектеулі мүгедек болса.

## **V. Студенттің, ғылыми жетекшінің (кеңесшінің) және рецензенттің міндеттері**

1. Дипломдық жұмысындайындау барысында студент:

- дипломдық зерттеуді орындайды және дипломдық жобаның алынған нәтижелері Аттестациялық Комиссия (АК) отырысына ұсынады;

- дипломдық зерттеулерді әдістемелік нұсқаулары бойынша рәсімдейді;
- дипломдық жұмыс мазмұнына,



алынған нәтижелердің сенімділігіне және негізділігіне жауапты;

- академиялық саясат негізінде плагиатқа жол бермейді;
- дипломдық жұмысын орындау кезеңдері мен тапсырмаларды әзірлеуге қатысады;

күнтізбелік кесте бойынша бекітілген ғылыми жетекшінің кеңестеріне қатыса отырып, аптасын орындалған жұмыстары жөнінде хабардар етеді.

2. Дипломдық зерттеулер жүргізудің барлық мерзімінде ғылыми жетекші (кеңесші):

- студентке жобатақырыбын таңдауға, негіздемесін әзірлеуге және бекітуге ұсынуға көмектеседі;

- студентке дипломдық жобаны әзірлеуге қажетті өзекті әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік бағдарламаларды, электронды библиографиялық қорларды және басқа да дерек көздерін ұсынады;

- бекітілген жоспар бойынша апта сайын студенттің дипломдық жұмысын әзірлеуге кеңес беріп, оның орындалуын тұрақты бақылауда ұстайды;

- алынған нәтижелеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізеді, түзетулер мен өзгертулерді енгізу барысына нұсқаулар, толықтырулар бере отырып, бақылау жасайды;

- орындалған дипломдық жұмыстың әрбір бөлімін плагиатқа тексерістен өткізеді;

- студентке дипломдық жұмысты жоғары мектептің дипломдық жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар талаптарына сай рәсімдеуге және қорғауға даярлауға көмек көрсетеді;

- нақтыланған мерзімде дипломдық жұмысқа ынталандырушы, талдау пікірін ұсынуы қажет, онда зерттелген тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы, жүргізілген зерттеу нәтижелерінің дербестігі, сенімділігі, негіздемесі көрсетіледі, сонымен қатар берілген пікір мазмұны дипломдық жұмыс мәтінімен сәйкес келмеуі керек.

- АК отырысында дипломдық жұмысты қорғауға қатысады.

3. Дипломдық зерттеу аяқталғаннан кейін рецензент:

- дипломдық жобаға толық талдау жасай отырып, зерттелген тақырыптың өзектілігін, жаңашылдығын, практикалық маңыздылығын, жүргізілген зерттеу нәтижелерінің дербестігі, шынайылығы мен негіздемесіне баға береді;

- дипломдық зерттеуге қатысты ескертулер жасап, оларды түзету бойынша өзіндік шешімін ұсынады;

- АК отырысында дипломдық жұмысты қорғауға қатысады.

## **VI. Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтері**

6.1. Дипломдық зерттеу келесі бөлімдерден тұрады:

1. Мұқабалық парақ (Қосымша А);

2. Беттері көрсетілген мазмұны ;
3. Нормативтік сілтемелер;
4. Анықтамалар;
5. Белгілеулер және қысқартулар;
6. Кіріспе;
7. Бірнеше тараулардан тұратын негізгі бөлім;
8. Қорытынды;
9. Пайдаланған әдебиеттер тізімі (Қосымша Б.);
10. Қосымшалар

6.2 «Мазмұны». Диплом жұмысының (жобасының) мазмұнына нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар, кіріспе, барлық бөлімдер, бөлімшелердің реттік нөмірлері мен атаулары, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен диплом жұмысының (жобасының) осы элементтері басталатын беттердің нөмірлері көрсетіп, қосымшалардың атауы кіреді.

6.3 «Нормативті сілтемелерге» құрылымдық элемент ретінде «дипломдық жұмыс мәтінінде қолданылған стандарттардың тізімі кіреді. Сілтемелі стандарттардың тізімі келесі сөздерден басталады: «Дипломдық жұмыста келесі стандарттарға, құжаттарға сілтемелер жасалған ...». Тізімге стандарттардың белгілері мен атаулары қарастыру барысындағы тіркелу нөмірі бойынша көрсетіледі.

6.4 «Анықтамалар» - диплом жұмысындағы ұғымдарды анықтау мен нақтылау үшін қажет. Анықтамалар тізімі келесі сөздерден басталады: «Дипломдық жұмыста келесі ұғымдарға анықтамалар берілген ...».

*Мысалы:*

## **АНЫҚТАМАЛАР**

**Аталған дипломдық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылады:**

**Талдау** – бүтінді ойша немесе деректі бөлшектерге жіктейтін ғылыми зерттеу әдісі

**Құзыреттілік** - Білім алудың әрбір кезеңінде өзіндік нәтижелері негізінде мәселелерді шешу тәжірибесінің қалыптасуындағы білім алушының жеке- тұлғалық нәтижесі.

6.5 "Қысқартулар мен белгілер" дипломдық жұмыста кездесетін қысқартулар мен белгілер тізімін көрсетеді.

Қысқартулар мен белгілердің жазылуы дипломдық жұмыс мәтініндегі ретімен көрсетіліп, оларға түсініктеме беріледі. Анықтамалар, қысқартулар мен белгілердің саны аз болған жағдайда, оларды «Анықтамалар, қысқартулар мен белгілер» деген бір құрылымдық элемент ретінде көрсетуге болады.

*Мысалы:*

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Аталған дипломдық жұмыста келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты

ББД - Білім, білік, дағдылар

PISA- Жаратылыстану, математика және оқу салалары бойынша білім алушылардың білім жетістіктерін халықаралық бағалау бағдарламасы

*6.6 Кіріспе.* Аталған бөлім мақсатқа бағытталған болуы керек және онда зерттеу тақырыбына қатысты ғана мәліметтер қарастырылуы тиіс. Кіріспе бөлімде жалпылама талқылуларды қарастыруға рұқсат етілмейді.

*Кіріспе* шешілетін ғылыми немесе психологиялық-педагогикалық мәселелердің (міндеттердің) қазіргі жағдайына, тақырыпты қалыптастыруға арналған негіз, бастапқы деректерге және ғылыми-зерттеу жұмысын өткізу қажеттілігін негіздеуге баға беруді қарастырады. *Кіріспе* дипломдық жұмыстың өте маңызды бөлігі, себебі ол тақырыпты ашуға бағдар беріп қана қоймай, барлық қажетті біліктілік сипаттамасын қамтиды.

Кіріспенің жалпы құрылымы: тақырыпты зерттеу өзектілігі; зерттеудің мақсаты мен міндеттері; зерттеу нысаны мен пәні; зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері; зерттеу әдістері; ғылыми жаңалығы; зерттеудің тәжірибелік мәнділігі; зерттеу базасы; дипломдық жұмыс құрылымы және көлемі.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** - оның қазіргі кезеңдегі маңыздылығын қарастырады, кіріспенің қысқаша мазмұнында (екі-үш абзацтан аспау керек) қоғамның нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда дамуындағы, таңдалған бағыт бойынша ғылым мен тәжірибенің алдында тұрған мәселелер көрсетіледі. Зерттеуді таңдау қажеттілігін нақтылайтын мәселелік жағдаяттың мәнін ашу маңызды. Тақырып бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың алдыңғы зерттеулеріне тоқтала отырып (осы мәселемен айналысқан авторларды атап шығу), ашылмаған мәселелерді қарастыру қажет.

*Зерттеу мақсаты мен міндеттері* дипломдық жұмыс бағыттарын айқындайды.

**Зерттеу мақсаты** дипломдық жұмыс тақырыбына сәйкес болуы тиіс. Жұмыстың мақсаты жаңа құбылысқа сипаттама беру, оның сипаттамасын зерттеу, жаңа заңдылықтарын айқындауды т.б. көздеуі мүмкін. Әдетте зерттеу мақсатын қалыптастыру келесі сөздерден басталады «әзірлеу...», «орнату...», «негіздеу...», «айқындау...» және т.б.

**Зерттеу міндеттері** зерттеу мақсатына жетудің негізгі кезеңдерін айқындайды. Зерттеу міндеттері дипломдық жұмыс тарауларының атауларына сәйкес болуы тиіс. Олар әдетте мына сөздерден басталады: «зерттеу», «анықтау», «жүйелеу», «талдау», «негіздеу», «айқындау», «нақтылау», «ашу» және т.б.

**Зерттеу нысаны** – мәселелік жағдайды туындататын құбылыс немесе зерттеу үшін таңдалған процесс. Нысан – тәжірибенің немесе ғылыми білімнің бір бөлігі (егер зерттеу теориялық, әдіснамалық болса), зерттеу бағыты.

**Зерттеу пәні** нысан аясында қарастырылады, тақырып анықтамасымен сәйкес немесе оған өте жақын келеді.

*Мысалдар:* дипломдық жұмыстың тақырыбы «Кіші мектеп оқушыларының тәрбие процесіне педагогикалық ықпал ету мәселелері (Астана қаласының жалпы орта білім беру мектептер негізінде)».

*Зерттеу нысаны:* Астана қаласының жалпы орта білім беру мектеп мұғалімдерінің педагогикалық әрекеті.

*Зерттеу пәні:* кіші мектеп оқушыларының тәрбие процесіне бағытталған педагогикалық әдістер кешені.

**Зерттеу әдістері**- теориялық және эмпирикалық.

1. *Зерттеудің эмпирикалық әдістері:* бақылау (байқау), эксперимент, салыстыру, аналогия, абстракциялау, талдау, индукция, дедукция, мониторинг, ретроспективтік талдау, тәжірибені зерттеу, диагностика, шкалалау, тестілеу, сұрақнама, сауалнама, әңгімелесу, сұхбат, математикалық статистикалар, экономикалық-математикалық нобайлау, статистикалық, социологиялық, рангілеу және т.б.

2. *Зерттеудің теориялық әдістері:* ғылыми еңбектерді жүйелі талдау, заңнамалық базаларды, нормативті-құқықтық актілерді талдау, озық тәжірибелерді талдау т.б.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерінде** – дипломдық зерттеу жұмысына арқау болған ғылыми идеялар, теориялар, тұжырымдар, зерттеуді жүргізуде қарастырылған ережелер, зерттеудің негізі болып табылатын ғалымдардың еңбектері көрсетіледі.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** зерттеудің мақсатымен байланысты дипломдық жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады. Ғылыми жаңалықтың жазылуы: «Зерттеудің ғылыми жаңалығы ... болып табылады», «Зерттеудің ғылыми жаңалығы: ... » - деп келтіріледі. Ғылыми жаңалықта зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылым үшін құндылығы мен маңыздылығы шағын абзацта немесе бір сөйлем бойынша қысқаша мазмұндалады. Олар жаңа пайдалы зерттеу нәтижелері, озық зерттеу әдістері, зерттеу нысанының жаңа жағдайда қарастырылуы болуы мүмкін.

**Зерттеудің тәжірибелік мәнділігі** зерттелу пәні бойынша алынған жаңа теориялық білімдерді қолдану мүмкіндігін айқындайды және оларды іс жүзінде қолдануға ұсыныстарды қарастырады. Дипломдық жұмыста зерттеу нәтижелері қайда апробациядан өткендігі, қолданылуы, іс жүзіне асырылуы көретілуі керек.

**Зерттеу базасында** – дипломдық зерттеу өткізілген мекеме, яғни базасы көрсетіледі. Мысалы, «Зерттеу Астана қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде өтті».

*Дипломдық жұмыс құрылымын* автор дипломдық жұмыстың мазмұны мен көлеміне сай көрсетеді.

*Мысал:* «дипломдық жұмыс кіріспе, екі тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Дипломдық жұмыстың жалпы көлемі мәтіннің баспа бетінің **40-60 парағын** құрайды, 7 кесте, 5 сурет, 5 қосымшалардан тұрады».

#### *6.7 Негізгі бөлім*

Негізгі бөлім әдетте екі-үш тараудан тұрады. Негізгі бөлімде орындалған жұмыстың мәнділігін, әдістемесін, негізгі нәтижелерін айқындайтын мәліметтер қарастырылады.

*I тарау- теориялық бөлім.* Қарастырылатын мәселенің теориялық аспектілеріне талдау жасалып, зерттеледі. Зерттеу міндеттерін шешуде негізгі ұғымдардың мәнін ашу, мәселені шешуге бағытталған ғылыми келістер кешенін айқындап талдауды қамтиды. Аталған бөлімде зерттеу тақырыбына байланысты бұған дейін жүргізілген тәжірибелік немесе эксперименталды зерттеулер қарастырыла келе, автордың теориялық зерттеулерінің мазмұны мен сипаттамасы, эксперименталды зерттеу өткізу қажеттігінің негіздемесі, алынған зерттеу нәтижелерінің сенімділігін бағалау және оны мәселе бойынша айналысқан отандық және шетелдік авторлардың зерттеу нәтижелерімен салыстыру көзделеді.

*II тарау- практикалық, эксперименталды бөлім.* Бұл тарауда эксперимент бағдарламасы көрсетіледі (мақсаты, міндеттері, кезеңдері, эксперимент жұмысының мазмұны, критерийлері мен көрсеткіштері, шаралар), эксперимент нәтижелерінің диагностикасы; эксперимент өткізу жағдайын жүзеге асыру ашылып, алынған нәтижелердің сенімділігіне баға беріледі, нәтижелерге талдау жасап жалпыланады, мәселе бойынша отандық және шетелдік алдыңғы зерттеулермен салыстырылады және қорытынды жасалады, педагогикалық ғылымда теориялық немесе қолданысқа ендірудегі тәжірибелік маңыздылығы көрсетіліп, ұсыныстар беріледі.

#### *6.8 «Қорытындыда» қарастырылады:*

- зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды түйін;
- қойылған міндеттердің толымды шешіміне баға беру;
- алынған нәтижелерді нақты қолдану бойынша деректер мен ұсыныстар әзірлеу.

#### *6.9 Пайдаланған әдебиеттер тізімі.*

Тізім дипломдық жұмысты жазуда пайдаланған дерек көздерінен (ғаламтор көздерін қосқанда **35 кем емес**) тұрады. (*Б қосымшасы*). Тізімде ақпарат диплом жұмысының мәтінінде оларды пайдалану жалғастығы бойынша **ретпен** көрсетілуі тиіс.

#### *6.10 Қосымшалар.*

Қосымшаларға негізгі бөлімде көрініс таппаған, дипломдық зерттеуді орындаумен байланысты материалдар енгізіледі.

Қосымшаларға кіруі мүмкін:

- көмекші кестелер немесе цифрлік деректер;

- әдістемелік комиссия отырысының хаттамалары;
- сабақтың өту барысын сипаттау;
- нұсқаулықтар, әдістемелер, сабақтардың алгоритмдері мен бағдарламаларына сипаттама т. б.;
- педагогикалық кеңесте зерттеу жұмыстарын қарастыру хаттамасы; дипломдық жұмыс нәтижелерін ендіру акті т.б. (дипломдық жұмыс бойынша студенттің тәжірибелік әзірлемелері қолданылған ендіру акті мекеменің арнайы бланкісінде рәсімделуі тиіс).

## **VII. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

### *7.1 Жалпы талаптар.*

Дипломдық жұмыс мәтінін жазу әдістемелік нұсқаулық талаптарына сәйкес орындалады. Диплом жұмысы мәтінінің беттері мен жұмысқа енгізілген иллюстрациялар, кестелер А4 форматына сәйкес келуі тиіс. *Диплом жұмысы А4 форматты ақ қағаздың бір жақ бетіне бір интервалды сақтай отырып, компьютер мен принтерді қолдана баспа әдісімен орындалуы тиіс. Шрифт-қалыпты, кегль 14, Times New Roman.*

*Диплом жұмысының мәтінін, қағаз бетінің келесі өлшемдерін сақтай отырып басу керек: оң жағы – 10мм, сол жағы – 30мм, жоғарғы жағы - 20мм, төменгі жағы – 20мм.*

Түрлі гарнитурлы шрифттарды, белгілі терминдер, формулаларға назар аударатын компьютер мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Әрбір тарауды жаңа беттен бастау керек. Параграфтар мен тармақтардың мәтінін, жеткілікті орын болған жағдайда, аяқталмаған беттің бос бөлігіне басуға болады.

Диплом жұмысын орындау кезінде бүкіл мәтін бойынша біркелкі тығыздық пен бейнелердің анық көріну талабын сақтау қажет. Диплом жұмысындағы сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер айқын, бұлыңғыр болмауы қажет.

### *7.2 Диплом жұмысының құрастырылуы*

Диплом жұмысының құрылымдық элементтерінің атаулары «Мазмұны», «Нормативті сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», тараулардың, бөлімдердің атауы, «Қорытынды», «Пайдаланған әдебиеттер тізімі», «Қосымшалар» диплом жұмысының құрылымдық элементтерінің басқы тақырыптары болып табылады. Жұмыстың негізгі бөлімін тарауларға, параграфтарға және тармақтарға бөлу көзделеді.

Тараулар, параграфтар және тармақтар тақырыптарға ие болуы тиіс. Тақырыптар тараулардың, параграфтардың және тармақтардың мазмұнын анық және қысқа көрсету тиіс.

Параграфтардың және тармақтардың атауын, астын сызбай, соңына нүкте қоймай, шегініс жасап абзацтан (әдетте 1,25см) бас әріптермен басу керек.



Егер де атаулар екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі. Тараулардағы сөздер тасымалданбайды. Тараулар нүктесіз «қою» шрифтпен көрсетіледі. Дипломдық жұмыстың әрбір тарауы жаңа беттен басталуы тиіс. Тараулардың, параграф пен тармақтардың атаулары арасындағы ара-қашықтық мәтіннен бір жолға шегінуді құрауы тиіс: параграф (тармақ) атауы мен мәтін арасындағы ара-қашықтық мәтіннен 2 жолды құрауы тиіс; алдыңғы параграф (тармақ) мәтінінің соңы мен келесі параграф (тармақ) атауы арасындағы ара-қашықтық мәтіннен 1 жолға шегініспен жазылу керек.

### *7.3 Диплом жұмысының беттерін нөмірлеу*

Диплом жұмысының беттерін, диплом жұмысының бүкіл мәтіні бойынша қатар нөмірленуін сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірлеу қажет. *Беттің нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.*

Титул беті, диплом жұмысына тапсырма, Мазмұны, Кіріспенің бірінші бетін беттердің жалпы нөмірленуіне кіреді. Титул бетіне, диплом жұмысына (жобасына) Тапсырмада, Мазмұнында беттердің нөмірі қойылмайды.

Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер диплом жұмысы беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді (немесе Қосымшаға шығарылады). А3 формат парағындағы иллюстрациялар, кестелер бір бет ретінде есептелінеді.

Сонымен, «Кіріспе» бетінің нөмірленуі титул парағы, «Мазмұны», «Нормативті сілтемелер», «Анықтамалар, белгілер мен қысқартулар» беттерінің ретінен кейін басталады, яғни «Кіріспе» бетінде 3 нөмір тұруы міндетті емес.

### *7.4 Тараулар, параграфтар мен тармақтарды нөмірлеу*

Диплом жұмысының тараулары шегініс жасап абзацпен жазылады және нүктесіз араб цифрларымен белгіленеді, барлық жұмыс шегінде реттік нөмірлері болуы тиіс. Параграфтардың әрбір тараулар шегінде нөмірлері болуы қажет. Параграф нөмірі, нүктемен бөлінген, тараулардың және параграфтың нөмірлерінен тұрады. Параграф нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды. Тараулар мен параграфтар бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін.

Параграфтардың немесе тармақтардың ішінде тізіп атаулар орын алуы мүмкін.

Әрбір тізіп атаудың алдынан дефис немесе құжат мәтінінде сілтеме жасау қажет болған кезде тізіп атаудың біріне кіші әріптер (ё, з, й, о, ч, ь, ы, ь қоспағанда) жазылып, соңынан жақша қойылады.

Тізіп атауды одан әрі нақтылау үшін, соңынан жақша қоя отырып, араб цифрларын пайдалану қажет, ал жазу абзацтық шегініс арқылы жасалады.

### *7.5 Иллюстрациялар*

Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, кескіндер, компьютермен басып шығарылған беттер, диаграммалар, түсірілген суреттер) диплом жұмысында оларды алғаш айтылған мәтіннен кейін немесе

келесі бетке орналастыру көзделеді. Барлық иллюстрациялар, кестелерден басқасы, «Сурет» деген сөзбен белгіленеді.

Иллюстрациялар компьютермен орындалған және түрлі түсті болуы мүмкін. Жұмыста барлық иллюстрацияларға сілтеме жасалу қажет.

Компьютерлік басуды пайдалану арқылы сызбалар, графиктер, диаграммалар, кескіндерді орындауға рұқсат етіледі.

A4 форматынан кіші көлемдегі түсірілген фотосуреттер ақ қағаздың стандартты парақтарына жапсырылуы тиіс.

Қосымшалардағы иллюстрациялардан басқа иллюстрацияларды жұмыстың басынан соңына дейін қалдырмай араб цифрларымен нөмірлеу көзделеді.

Егер сурет біреу болса, онда ол «Сурет 1» болып белгіленеді. «Сурет» сөзі мен оның аталуы жолдың ортасында орналасады және нүктемен бөлінеді.

Мысалы: «Сурет 1.» - (суреттің аталуы).

Қажеттілігіне қарай иллюстрациялардың аталуы және түсініктеме деректері (сурет астында мәтіндері) болуы мүмкін. «Сурет» сөзі мен оның аталуы түсініктеме деректерден кейін орналастырылады.

Әрбір қосымшаның иллюстрациясы латын алфавитінің үлкен әріптерімен жеке нөмірлермен белгіленеді.

*Мысалы:* Сурет А.3.-

Иллюстрацияларға сілтеме жасау кезінде «... 2-суретке сәйкес...» деп жазу қажет.

### *7.6 Кестелер*

Кестелер жақсы көрнекілік пен көрсеткіштерді салыстыруға ыңғайлы болу үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі, дәл және қысқа болуы тиіс. Кесте атауын сол жақта кесте үстінен, «Кесте 1.-» сөзінен кейін келесі жолға шегініс жасап абзацтан орналастыру керек немесе «Кесте В.1.- », егер кесте қосымшадан келтірілсе.

Кестені өзі ескертілген мәтіннен кейін немесе келесі бетке орналастыру қарастырылады.

Барлық кестелерге диплом жұмысында сілтеме болуы тиіс. Сілтеме жасау кезінде, оның нөмірін көрсете отырып, «Кесте» сөзін жазу керек. Қосымшалардағы кестелерді қоспағандағы кестелер, жұмыстың басынан соңына дейін қалдырылмай араб цифрларымен нөмірленеді.

Көп жолдарды алатын кестені келесі параққа (бетке) ауыстыруға рұқсат етіледі. Кестенің бір бөлігін келесі параққа көшіру кезінде «Кесте» сөзі мен оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің астынан шегініс жасап абзацтан, сол жақта бір рет көрсетеді, өзге бөліктерінің астынан «Жалғасы» деген сөз жазады және кестенің нөмірін көрсетеді, мысалы: «1-кестенің жалғасы».

Кестелерді келесі параққа (бетке) көшіру барысында тақырыбы тек қана бірінші бөлігінің үстіне орналастырады.

Көп мөлшерлі графалы кесте қосымшаға енгізіледі. Кестелерге ишінде көрсетілген мәліметтері бойынша түсініктеме берілу керек.



### 7.7 Ескертулер

«Ескерту» сөзі абзацтан бас әріппен жазылуы және асты сызылмауы тиіс.

Егер, мәтіннің, кестелердің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсініктеме немесе анықтамалық деректер қажет болса, жұмыста ескерту келтіріледі.

Ескертуді ескерту қатысты мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеге орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер арап сандарымен рет-ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескерту кестенің аяқталуын білдіретін соңғы сызықтың үстінен жазылады.

### 7.8 Формулалар мен есептер. Формулалар мен есептерді мәтіннен бөлек қатарға

жазады. Формуладан жоғары және төмен жағынан бір қатардан қалдырылу қажет. Егер есеп бір қатарға симаған жағдайда, оны келесі қатарға (=) тең, (+) қосу, (-) алу, (x) көбейту, (: ) бөлу немесе басқа математикалық белгілерінен кейін түсіреді, және де қатардың басында сол белгіні қайталап жазады. Сандық коэффициенттер мен белгілердің түсініктемелерін формуланың астына, ондағы реттік орналасуымен келтіреді.

### 7.9 Сілтемелерді рәсімдеу

#### 7.9.1 Пайдаланған әдебиеттер тізімі(дерек көздері)

Дипломдық жұмыс жазу барысында ғылыми дерек көздеріне, стандарттарға, басқа да құжаттарға араб цифрлерімен нөмірленіп, қолданылу ретіне қарай *сілтемелер* жасалады және сілтеме беру зерттеу жұмысының ғылыми аппапаратынан басталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшаға алынады[3]. Егер бірнеше ғылыми әдебиеттер қолданылса, онда сілтеме нүкте-үтірлі (;) тыныс белгісімен көрсетіледі [3; 4; 15].

Цитаталау қайталанса, дерек көзінің беті көрсетіледі [35, б.127].

Мәліметтер автордың ғылыми әдебиетінің бірнеше беттерінен қарастырылған жағдайда, олар сілтемеде де көрсетілуі тиіс [35, 127-129 бб.].

#### 7.9.2 Қосымшалар

Қосымшалар осы диплом жұмысының (жобаның) жалғасы ретінде келесі парақтарына немесе бөлек құжат ретінде рәсімделеді.

Жұмыс мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретіне қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып, «ҚОСЫМША» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс және ол диплом жұмысы жазылған тілге сәйкес бас әріптермен немесе орыс, латын әліпбиінің бас әріптерімен белгіленеді, мысалы, (Қосымша Б).

Әр қосымшаның мәтіні керек жағдайда бірнеше бөліктерге, пункттерге бөлінуі мүмкін, оларды әр қосымшаның көлемінде номерлеуге болады. Номер алдында қосымшаның белгісі қойылады.

Студент диплом жұмысының титул бетін келтірілген үлгі бойынша ресімдейді (Қосымша А).

Мұқабаның ішкі жағында жапсырылған конвертке:

- ғылыми жетекшінің пікірі;
- диплом жұмысына жазылған рецензия (сын- пікір) салынады.

Диплом жұмысының соңында әдебиеттер тізімі келтіріледі, оның төменгі жағында тегі мен диплом жұмысын аяқтаған күні (күні, айы және жылы) көрсетіле отырып, диплом жазған студенттің қолы қойылады.

### **VIII. Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну тәртібі**

Дипломдық жұмыс даярлайтын кафедрасына алдын ала қорғауға ұсынылады. Дипломалды қорғау кафедраның ашық мәжілісінде, студенттер мен олардың ғылыми жетекшілерінің қатысуымен өткізіледі (керек жағдайда ғылыми кеңесшілерімен). Дипломдық жұмыстардың рәсімдеу талаптарына сай орындалған, алдын ала қорғаудан өткен, студенттің қолы қойылған дайын дипломдық жұмыс ғылыми жетекшісіне ұсынылады.

Диплом жұмысының жетекшісі ол туралы пікір дайындайды, онда объективті (оң немесе теріс) баға береді, атап айтқанда:

- зерттеу тақырыбының өзектілігін растайды;
- диплом жұмысында тұжырымдаған қорытындылар мен ұсыныстардың теориялық және тәжірибелік маңыздылығын сипаттайды;
- теориялық сипаттағы дерек көздері және тәжірибе материалдарымен жұмыс істей білу дағдысын ескере, студенттің зерттеу әдістерін қаншалықты меңгергенін мәлімдейді;
- нақты міндеттерді шешу үшін (әдіснамалық сипаттағы және тәжірибелік қызметтегі) университетте алған білімін қолдана білу қабілетін студенттің қаншалықты көрсете алғандығын хабарлайды;
- студенттің көрсеткен бастамашылдығын және диплом жұмысын өз бетімен орындау дәрежесін атап көрсетеді;
- студенттің еңбекқорлығы, ұқыптылығы, шығармашылық даралығымен қаншалықты өзгешеленетіндігін атап өтеді;
- диплом жұмысын қорғауға жіберу туралы қорытынды жасайды. Пікірге ғылыми жетекші қолын қояды, оны дайындаған күні белгіленеді.

Егер ғылыми жетекші университет оқытушысы ретінде саналмаса, онда оның қолын, ол жұмыс жасайтын ұйымның кадрлар бөлімінің бастығы растайды және мөр басуы тиіс. Диплом жұмысы (жоба) қабылданған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қойып және қорғауға жіберілетіндігі туралы жазбаша пікірмен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады.

Диплом жұмысы (жоба) қабылданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ та жазбаша пікір жазып, онда диплом жұмысын (жобасын) қорғауға жібермеу туралы өз шешімін негіздейді. Осы материалдар негізінде кафедра меңгерушісі, бұл туралы диплом жұмысының бірінші бетіне тиісті жазба жасап, аталған диплом жұмысы (жобасы) бойынша түпкілікті шешім қабылдайды.

Егер кафедра меңгерушісі студентті диплом жұмысын (жобасын) қорғауға жіберу мүмкін емес деп есептесе, онда бұл мәселе аталған студент пен міндетті түрде оның ғылыми жетекшісінің қатысуымен кафедра отырысында қаралады. Кафедра отырысының хаттамасы жоғары оқу орнының ректорына бекітуге ұсынылады.

#### *Рецензия*

Шығарушы кафедра қорғауға табыс еткен дипломдық жұмыс (жоба) факультет деканына рецензияға жіберіледі.

Шығарушы кафедра меңгерушісінің өндіріс және ғылыми ұйымдардың мамандары арасынан ұсынған пікір жазушылардың тізімі ректордың бұйрығымен бекітіледі. Пікір жазушылар ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлар, доценттер, оқытушылары қатыстырылады.

Пікір жазушылардың базалық жоғары білімі болуы тиіс және қорғалатын диплом жұмысының (жобасының) профиліне сәйкес ғылыми атағы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болуы тиіс.

Пікір жазушы диплом жұмысына (жобаға) жазбаша пікірін ұсына отырып, онда зерттелген тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы, тақырыптың маманның кәсіби даярлығына, берілген ғылыми академиялық дәрежесі мен берілген біліктілігіне сәйкестігі, жүргізілген зерттеудің дербестігі, қорытынды мен ұсыныстарының орын алуы, мәселелердің шешілу және зерттеудің аяқталу дәрежесі көрсетіледі. Пікірде баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағасы және академиялық дәрежесі немесе біліктілік берілу мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі.

Ғылыми жетекші қорғауға рұқсатын берген, бірақ рецензентпен «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған дипломдық жұмыс жалпы жағдайларда қорғалады. Рецензия баспа нұсқасында ресімделіп, оны даярлау уақытын көрсетумен рецензенттің қолы қойылу керек. Рецензия берушінің қолы (рецензент жұмыс істейтін) ұйымның кадрлар бөлімінің бастығымен расталып, мөр қойылуға тиіс. Кафедра меңгерушісі ғылыми жетекшісі пікірінің және берілген рецензияның мазмұнымен танысады және титул бетіне қолын қойып, диплом жұмысын қорғауға жіберуді бекітеді.

Кафедра меңгерушісінің шешімімен диплом жұмысы институт кафедрасының оқытушыларымен қосымша рецензиялануы мүмкін. Ғылыми жетекшінің пікірі және рецензияның мазмұнымен студент аттестациялық комиссиясының отырысына дейін танысуы тиіс. Диплом жұмысын қорғау студенттің қалауы бойынша қазақша және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Диплом жұмысын (жобаны) қорғау ақпараттық-коммуникациялық технологиялар төңірегіндегі жетістіктерді және қазіргі техникалық құралдар базасында мультимедиялық презентациялар түрінде электронды қорларды қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.

## **IX. Диплом жұмысын қорғау тәртібі**

Диплом жұмысын (жобаны) қорғау тәртібі білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар бекіткен Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестация жүргізу ережесімен анықталады.

Диплом жұмысын қорғау институтта, аттестациялық комиссиясының ашық отырысында жартысынан кем емес мүшелерінің қатысуымен белгіленген уақытта өткізіледі. Диплом жұмысын (жобаны) қорғау студенттердің, шығарушы кафедра оқытушыларының қатысуымен бұқаралық түрде ашық ұйымдастырылады. Қорғауға ғылыми жетекшілері, сонымен қатар дипломдық зерттеулер жүргізілген ұйымдардың өкілдері және басқа да ынталы тұлғалар шақырылады.

Диплом жұмысын қорғау бойынша студент баяндамасына 15 минуттан кем емес уақыт беріледі. Бір дипломдық жұмысты қорғау уақыты 30 минуттан аспауы тиіс.

Диплом қорғап тұрған студентке аттестациялық комиссия мүшелері немесе басқа да тыңдаушылары сұрақтар қоя алады. Қойылған сұрақтарға студент қысқа, бірақ нақты жауап беруі тиіс. Талқылау соңында техникалық хатшы ғылыми жетекшісінің пікірі және пікір берушінің рецензиясын оқиды. Ал ғылыми жетекшісі қатысып отырса өзі пікірін береді және оған сөз берілуі мүмкін. Диплом жұмысын қорғау нәтижесін бағалау балдық – рейтингтік әріптік жүйе бойынша анықталып, қорғау аяқталған күні аттестациялық комиссия тарапынан жарияланып, хаттамамен рәсімделеді.

А Қосымшасы

### **(Мұқаба парак үлгісі)**

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Еуразиялық гуманитарлық институты

**БИТУГАНОВА ҰЛЖАН**

**ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛДЫҢ БАЛА МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА  
ӘСЕРІ**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС  
6B01102 – «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасы бойынша

Астана - 2022

*Б Қосымшасы*

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Еуразиялық гуманитарлық институты

«Қорғауға жіберіледі»

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 ж.

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_

п.ғ.к., профессор Н.Т. Нығыманова

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы: «Отбасындағы жанжалдың бала мінез-құлқына әсері»

6В01102– «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы  
бойынша

Орындаған:

Битуганова Ұ.С.

Ғылыми жетекшісі

п.ғ.к., доцент:

Құнанбаева М.Н.

Астана – 2022


## *В Қосымшасы*

Жұмыстың мазмұны, кесте ретінде рәсімделеді, беттері бір бағанада орналасуы қажет («кестені жасыру» функциясы арқылы).

### **МАЗМҰНЫ**

<b>Нормативтік сілтемелер</b>	4
<b>Анықтамалар</b>	5
<b>Белгілеулер және қысқартулар</b>	6
<b>Кіріспе</b>	7
<b>1. Шығармашылықты теориялық негіздерін зерттеу баланы мектепке даярлау шарты ретінде</b>	
1.1 «Шығармашылық» түсінігін педагогикалық-психологиялық сипаттамасы	9
1.2 Бастауыш мектеп оқушысының жас ерекшеліктері	14
1.3 Шығармашылық баланы мектепке даярлау шарты ретінде	19
<b>2. Шығармашылық арқылы баланы мектепалды даярлаудың тәжірибелік-педагогикалық жұмыстары</b>	
23	
2.1 Мектепалды даярлыққа бейімделу деңгейін диагностикалау	23
2.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері, әдістемелері	31
2.3 Мектепке бейімделудің тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарының нәтижелері	37
<b>Қорытынды</b>	41
<b>Қолданылған әдебиеттер тізімі</b>	44
<b>Қосымшалар</b>	48

## Суретті рәсімдеу үлгісі



Сурет 1. Эксперименталды және бақылау топтарында алынған нәтижелердің салыстырмалы сипаттамасы (эксперименттің қалыптастырушы кезеңі)



## Кестені рәсімдеу үлгісі

Кесте 1.

Н.Г. Лусканова әдістемесі бойынша алынған сауалнаманың нәтижелері  
(эксперименттің анықтау кезеңі бойынша)

Деңгейі	Деңгей сипаттамасы	Балл саны	Пайыз 1 «Д»	Пайыз 1 «Г»
1	Оқу мотивациясының жоғары деңгейі	25-30	57,9 %	45,2%
2	Оқу мотивациясының жақсы деңгейі	20-24	26,3 %	32,8%
3	Колледжге жағымды қатынасы бар, бірақ оқу әрекеті қызықтырмайды	15-19	15,8 %	18,9%
4	Оқу мотивациясының төмен деңгейі	10-14	0,0 %	3,1%
5	Колледжге жағымсыз қатынас, дезадаптация	0-9	0,0 %	0,0%

Кестеге берілетін түсініктеме

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007.
2. И.Подласый. «Педагогика» 1 том. - М., Владос.2013.-358с.
3. Әмірова Ә.С. Балаларды көркем әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Алматы, «Рауан», 1998. – 265 б.
4. М.П.Оспанбаева. Мектепке психологиялық даярлық диагностикасының ғылыми негіздері. Алматы, 2006.-126б.
5. Б.Айтмамбетова, К.Бозжанова, А.Ильясова. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. Алматы, Республикалық Баспа Кабинеті. 1995. – 750б.
6. Бабаев С.Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «NURPRESS», 2013. - 124 б.
7. Бейсенбаева А.А.К вопросу формирования научных основ содержания образования современной общеобразовательной школы Республики Казахстан. // Сб. мат. научн.-пр. конф. - Алматы, 1993. - С. 93-94.
8. Слостенин В.А. Социальный педагог и социальный работник: личность и профессия. // Кн. Теория и практика социального воспитания: отечественный и зарубежный опыт. - М., 1993. - Т. 2. - С. 265.
9. Маслоу А. Мотивация и личность. // Вестник Московскогоунивер. Сер.7. Философия. – 1991. -№ 3. - С. 52-56.
- 10.Энциклопедия социальной работы. В 3 т.: пер. с англ. - М., 1993, Т. 1. - 480с., Т. 2. - 454с., Т. 3. - 498с.
- 11.Татьянченко Д.В. Организационно-методические условия развитие общеучебных умений школьников/ Д.В. Татьянченко, С.Г. Воровщиков// Школьные технологии. – 2002. - №5. – Стр. 42-55.
- 12.Воровщиков С.Г. Общеучебные умения как деятельностный компонент сождержания учебно-позновательной компетенции Электронный ресурс. / С.Г.Воровщиков // «Эйдос»: интернет-журнал. 2007. – 30 сентября. – Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/> .
- 13.Закон Республики Казахстан «Об образовании» // Казахстанская правда. 2007- №127.